| | |
|---|---|
| **2026 жылғы «19» тамыздағы**<br>**№ П – 04 бұйрығына**<br>**№1 қосымша** | **Приложение №1**<br>**К Приказу № П-04**<br>**От «19» августа 2026 года.** |
| **ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ** | **ПОЛИТИКА КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ** |
| **Кіріспе**<br>«AirShop» ЖШС (бұдан әрі - «AirShop») Пайдаланушылары Интернет-дүкенге/Сайтқа кіру/оны пайдалану кезінде, соның ішінде Пайдаланушы «Freedom SuperApp» Бірыңғай Платформасынан және/або оған орналастырылған сервистерден, соның ішінде МҚҰ-ны және/немесе «Лента»-ны қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей өткен кезде AirShop жинайтын дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі болып табылады. Осы Құпиялылық саясатында AirShop қандай дербес деректерді жинайтыны, дербес деректерді қалай және қандай мақсатта пайдаланатыны, дербес деректерді пайдаланудың негізі не болып табылатыны, дербес деректер кімге берілетіні, сондай-ақ Пайдаланушылар өз құқықтарын қандай тәсілмен жүзеге асыра алатыны туралы ақпарат көрсетілген. | **Введение**<br>ТОО «AirShop», (далее – «AirShop») является собственником базы, содержащей персональные данные, которые AirShop собирает во время посещения/использования Пользователями Интернет-магазина/Сайта в том числе и при переходе Пользователем с Единой платформы «Freedom SuperApp» и/или размещенных на ней сервисов, включая, но не ограничиваясь МФО, и/или «Лента». В настоящей Политике конфиденциальности указана информация о том, какие персональные данные AirShop собирает, как и для каких целей использует персональные данные, что является основанием использования персональных данных, кому передаются персональные данные, а также каким образом Пользователи могут реализовывать свои права. |
| **1. АНЫҚТАМАЛАР**<br>**2. AIRSHOP ЖИНАЙТЫН ЖӘНЕ ӨҢДЕЙТІН АҚПАРАТ**<br>**3. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ МАҚСАТТАРЫ**<br>**4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**<br>**5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ**<br>**6. ҚҰҚЫҚТАР**<br>**7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**<br>**8. ДЕРЕКТЕРДІ СЕРІКТЕСТЕРГЕ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРҒА БЕРУ**<br>**9. ДЕРЕКТЕРДІ БАСҚА ЕЛДЕРГЕ БЕРУ**<br>**10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ**<br>**11. БӨГДЕ ВЕБ-САЙТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР**<br>**12. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР**<br>**13. БАЙЛАНЫС** | **1. ОПРЕДЕЛЕНИЯ**<br>**2. ИНФОРМАЦИЯ, КОТОРУЮ AIRSHOP СОБИРАЕТ И ОБРАБАТЫВАЕТ**<br>**3. ЦЕЛИ СБОРА И ОБРАБОТКИ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**<br>**4. ПРАВОВЫЕ ОСНОВАНИЯ ОБРАБОТКИ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**<br>**5. ЗАЩИТА ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**<br>**6. ПРАВА**<br>**7. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ**<br>**8. ПЕРЕДАЧА ДАННЫХ ПАРТНЕРАМ И ДРУГИМ ЛИЦАМ**<br>**9. ПЕРЕДАЧА ДАННЫХ В ДРУГИЕ СТРАНЫ**<br>**10. ХРАНЕНИЕ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**<br>**11. ССЫЛКИ НА СТОРОННИЕ ВЕБ-САЙТЫ**<br>**12. ИЗМЕНЕНИЯ В ПОЛИТИКЕ КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ**<br>**13. КОНТАКТЫ** |
| **1. АНЫҚТАМАЛАР**<br>**AirShop** – «AirShop» ЖШС, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға, БСН 200340026461.<br>**«Freedom SuperApp» Бірыңғай Платформасы (Бірыңғай Платформа)** - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға «Қазақстан Фридом Банкі» АҚ-ның мобильді қосымшасы, БСН 090740019001.<br>**МҚҰ – «Микроқаржылық ұйым ФРИДОМ ФИНАНС Кредит» ЖШС,** Қазақстан | **1. ОПРЕДЕЛЕНИЯ**<br>**AirShop** - ТОО «AirShop», юридическое лицо, зарегистрированное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, БИН 200340026461.<br>**Единая платформа «Freedom SuperApp» (Единая платформа)** - мобильное приложение АО «Фридом Банк Казахстан», юридического лица, зарегистрированного в соответствии с законодательством Республики Казахстан, БИН090740019001. |

| | |
|---|---|
| Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға, БСН 190340008954.<br>**Лента** - Бірыңғай Платформа қызметтерінің бірі.<br>**Интернет-дүкен/Сайт** - Сатып алушыларға Тауарларды/Қызметтерді өткізуге арналған, www.airshop.kz домендік атауымен интернет желісінде орналастырылған ақпараттық жүйе.<br>**Мобильді қосымша** - Сатып алушылардың жүктеп алуы және орнатуы үшін GooglePlayStore, AppStore және HUAWEI AppGallery сервистерінде орналастырылған, Freedom SuperApp атауы бар, нақты Платформаға (iOS, Android, WindowsPhone және т.б.) арналып әзірленген, смартфондарда, планшеттерде және басқа да мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған, соның ішінде Сатып алушыларға Тауарларды/Қызметтерді жүзеге асыруға да арналған арнайы әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету.<br>**Серіктес** - қатысуымен Сатушы Тауарларды жүзеге асыратын, соның ішінде несиеге өткізетін, ішкі тұтыну үшін шығаратын, Тауарларды жеткізетін жеке/заңды тұлғалар, резиденттер/бейрезиденттер, соның ішінде Сатушыны, МҚҰ-ны, Лентаны және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей. Сонымен қатар Серіктестер Сатушыдан және/немесе Платформадан тәуелсіз де, сондай-ақ ортақ меншік негізінде немесе бір бақылауда әрекет ететін тұлғалар да болуы мүмкін.<br>**Дербес деректер** - электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, олардың негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты деректер, оның ішінде биометриялық деректер<br>**Платформа** - Пайдаланушылардың дербес деректерін қабылдау және/немесе беру жүзеге асырылатын барлық және кез келген AirShopбайланыс арналары, соның ішінде мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей:<br>• Интернет-дүкен / Сайт;<br>• Мобильді қосымша;<br>• Байланыс орталығы;<br>• әлеуметтік желілердегі парақшалар, соның ішінде Facebook, Instagram, Telegram-ды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей;<br>• AirShop және/немесе Серіктестің сауда белгілерімен қызметті жүзеге асыратын барлық басқа байланыс арналары.<br>**Пайдаланушылар** - Платформа арқылы AirShop-пен Сатып алушы ретінде де, өз атынан Сатушы ретінде де өзара әрекет ететін жеке тұлғалар не өздері өкілдік ететін заңды тұлғаның атынан және мүддесі үшін әрекет ететін жеке тұлғалар, сондай-ақ тіркелген пайдаланушыларды және есептік жазбасы жоқ пайдаланушыларды қоса алғанда, жеке кәсіпкерлер, авторизациядан өтпеген пайдаланушылар. | **МФО** - ТОО «Микрофинансовая организация ФРИДОМ ФИНАНС Кредит», юридическое лицо, зарегистрированное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, БИН 190340008954.<br>**Лента** - один из сервисов Единой платформы.<br>**Интернет-магазин/Сайт** – информационная система, размещенная в сети интернет с доменным именем www.airshop.kz, предназначенная для реализации Товаров/Услуг Покупателям.<br>**Мобильное приложение** - специально разработанное программное обеспечение для работы на смартфонах, планшетах и других мобильных устройств, разработанное для конкретной платформы (iOS, Android, WindowsPhone и т. д.), размещенное на сервисах GooglePlayStore, AppStore и HUAWEI AppGallery для скачивания и установки Покупателями, имеющие названия Freedom SuperApp, предназначенное в том числе и для реализации Товаров/Услуг Покупателям.<br>**Партнер** - физические/юридические лица, резиденты/нерезиденты, включая, но не ограничиваясь Продавец, МФО, Лента и так далее, при участии которых Продавец, реализовывает Товары, в том числе в кредит, выпускает для внутреннего потребления, доставляет Товары. При этом Партнеры могут быть как независимыми от Продавца и/или Платформы, так и действующими на основе общей собственности или под одним контролем.<br>**Персональные данные** - данные, в том числе биометрические, относящиеся к определенному или определяемому на их основании субъекту персональных данных, зафиксированные на электронном, бумажном и (или) ином материальном носителе<br>**Платформа** - все и любые каналы связи AirShop, через которые осуществляется прием и/или передача персональных данных Пользователей, включая, но не ограничиваясь:<br>• Интернет-магазин/Сайт;<br>• Мобильное приложение;<br>• Контакт-центр; /<br>• страницы в социальных сетях включая, но не ограничиваясь Facebook, Instagram, Telegram;<br>• все любые иные каналы коммуникации, осуществляющие деятельность под товарными знаками AirShop и/или Партнера.<br>**Пользователи** - физические лица, взаимодействующие с AirShop, посредством Платформы как в качестве Покупателя, так и в качестве Продавца от своего имени, либо физические лица, выступающее от имени и в интересах представляемого ими юридического лица, а также индивидуальные предприниматели, включая зарегистрированных пользователей, и |

| | |
|---|---|
| **Cookies** - браузер сатып алушылар кірген сайттардан деректерді жазатын шағын мәтіндік файлдар. Cookies бірқатар функцияларды орындайды, мысалы, Аайдаланушыға оның қалауларын есте сақтай отырып, парақшалар арасында тиімді ауысуға мүмкіндік береді және осылайша Интернет-дүкенмен/сайтпен тәжірибесін жақсартады. Сондай-ақ, олар желідегі Пайдаланушы көретін жарнамалардың олардың мүдделеріне сәйкес келуіне ықпал етуі мүмкін.<br><br>*Осы Құпиялылық саясатында пайдаланылатын барлық анықтамалар AirShop, МҚҰ, Лента шарттарында (оферталарында) және/немесе және/немесе AirShop, МҚҰ, Лента шартының (офертасының) ажыратылмас бөлігі болып табылатын барлық басқа қосымшаларда, саясаттарда, қағидаларда, толықтыруларда, өтініштер мен келісімдерде көрсетілген анықтамаларға сәйкес және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады және түсіндіріледі.*<br><br>**2. AIRSHOP ЖИНАЙТЫН ЖӘНЕ ӨҢДЕЙТІН АҚПАРАТ**<br>2.1. AirShop Пайдаланушылардан пайдаланушылар сұраған қызметтерді ұсыну, тауарларды сату/қайтару, Бірыңғай Платформа/Платформа арқылы кеңес алу үшін, AirShop және/немесе Серіктестердің қандай да бір адалдық бағдарламасына қатысу үшін қажетті жеке ақпаратты сұрай алады, несие алуға жүгінген кезде қажетті жеке ақпаратты сұратуы мүмкін. Пайдаланушылар Бірыңғай Платформада/Платформада тіркелу/өзара әрекеттесу кезінде өздерінің Дербес деректерін AirShop-қа береді. Шарттар бойынша міндеттемелерді орындау үшін AirShop Пайдаланушылар шарттар бойынша міндеттемелерді орындау үшін AirShop-қа беретін дербес деректер AirShop, Лента, МҚҰ, Серіктестердің шарттарында (оферталарында) және/немесе олардың шартының (офертасының) ажыратылмас бөлігі болып табылатын барлық өзге қосымшаларда, саясаттарда, ережелерде, толықтыруларда, өтініштер мен келісімдерде тізілген.<br>2.2. AirShop келесі дербес деректерді жинайды және өңдейді, бірақ олармен шектелмейді:<br>• Пайдаланушылар AirShop-қа жіберетін деректер;<br>• AirShop автоматты түрде жинайтын деректер;<br>• AirShop Серіктестерден және Airshop-пен тікелей немесе жанама байланысты басқа тұлғалардан алатын Пайдаланушылар сұратқан Қызметтерді көрсету және/немесе Тауарларды сату процесінде алатын Пайдаланушылар туралы деректер. | пользователей, не имеющих учетной записи, неавторизированных пользователей.<br>**Cookies** - небольшие текстовые файлы, в которые браузер записывает данные с посещенных Покупателями сайтов. Cookies исполняют целый ряд функций, например, позволяют Пользователю эффективно перемещаться между страницами, запоминая его предпочтения, и, таким образом, улучшает опыт взаимодействия с Интернет-магазином/Сайтом. Они также могут способствовать тому, что реклама, которую видит Пользователь онлайн, соответствует его интересам.<br><br>*Все определения, используемые в настоящей Политике конфиденциальности, применяются и трактуются согласно определений, указанных в Договорах (офертах) AirShop, МФО, Лента и/или всех иных приложениях, политиках, правилах, дополнениях, заявлениях и согласиях, являющихся неотъемлемой частью Договора(оферты) AirShop, МФО, Лента и/или согласно законодательству Республики Казахстан.*<br><br>**2. ИНФОРМАЦИЯ, КОТОРУЮ AIRSHOP СОБИРАЕТ И ОБРАБАТЫВАЕТ**<br>2.1. AirShop, может запросить у Пользователей личную информацию, необходимую для предоставления запрашиваемых Пользователями Услуг, продажи/возврата Товаров, получения консультаций через Единую платформу/Платформу, для участия в той или иной программе лояльности AirShop и/или Партнеров, при обращении за получением кредита. Пользователи также передают AirShop свои Персональные данные при регистрации/взаимодействии на Единой платформе/Платформе. Персональные данные, которые Пользователи передают AirShop для исполнения обязательств по договорам, перечислены в Договорах (офертах) AirShop, Лента, МФО, Партнеров и/или всех иных приложениях, политиках, правилах, дополнениях, заявлениях и согласиях, являющихся неотъемлемой частью Договора (оферты) таковых.<br>2.2. AirShop собирает и обрабатывают включая, но не ограничиваясь следующие персональные данные:<br>• данные, которые Пользователи передают AirShop;<br>• данные, которые AirShop собирает автоматически;<br>• данные о Пользователях, которые AirShop получает от Партнеров и других лиц прямо или косвенно связанных с AirShop в процессе предоставления запрашиваемых Пользователями Услуг и/или продажи Товаров. |

| | |
|---|---|
| 2.3. Пайдаланушылар AirShop-қа беретін дербес деректер (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей):<br>• **сәйкестендіру деректері** - бұл Пайдаланушының жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін деректер, деректердің келесі түрлерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: биометриялық деректер, тегі, аты, жынысы, туған күні, электрондық пошта мекенжайы, жеткізу мекенжайы, ұялы телефон нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі, телефон қоңырауларының жазбалары, есептік жазбаға кіруге арналған логин;<br>• **транзакциялар туралы ақпарат** - Пайдаланушының Платформа арқылы жасаған сатып алулары, тапсырыстары, қайтарулары, жүгінулері туралы ақпарат;<br>• **маркетингтік және коммуникациялық деректер**, соның ішінде жарнамалық жазылым баптаулары;<br>• Пайдаланушылар Платформада Тауарлар / Қызметтер туралы қалдыратын **пікірлер**, сондай-ақ басқа түсіндірмелер мен ұсыныстар.<br>2.4. Airshop cookie файлдары арқылы автоматты түрде жинайтын деректер (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей):<br>• **пайдалану туралы мәліметтер** – Пайдаланушылардың Платформамен қалай қарым-қатынас жасайтыны, Пайдаланушы қандай парақшаларды қарайтыны, Интернет-дүкенде/Сайтта, Мобильді қосымшада қандай сілтемелер бойынша өтетіні, қандай Тауарларға қызығушылық танытатыны, Платформаға кірген күні мен уақыты, сондай-ақ Пайдаланушы Платформаға қайта жіберілген веб-сайттар туралы ақпаратты (тек іздеу жүйесінің интернет-ресурсынан немесе AirShop жарнамасы орналастырылған интернет-ресурстан өткен жағдайларда ғана), Платформамен өзара әрекеттесу және Платформамен басқа өзара әрекеттесу кезінде пайдаланушының нақты уақыттағы орналасқан жері туралы деректерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді;<br>• **техникалық деректер:** IP мекенжайын, шолғыш деректерін, пайдалану тілін және Пайдаланушылардың операциялық жүйесі туралы деректерін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.<br>2.5. AirShop Серіктестерден алатын деректер (соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді):<br>• мақұлданған және / немесе берілген несие туралы, несие беруден немесе бөліп төлеуден бас тарту туралы;<br>• төлем, дебеттік немесе несиелік карта арқылы транзакцияның қандай да бір мәртебесі туралы; | 2.3. Персональные данные, которые Пользователи, включая, но не ограничиваясь передают AirShop:<br>• **идентификационные данные** – это данные, которые позволяют установить личность Пользователя, включая, но не ограничиваясь следующими видами данных: биометрические данные, фамилия, имя, пол, дата рождения, электронный адрес, адрес доставки, номер сотового телефона, индивидуальный идентификационный номер, записи телефонных разговоров, логин для входа в учетную запись;<br>• **информация о транзакциях** – информация о покупках, заказах, возвратах, обращениях Пользователя, совершенных посредством Платформы;<br>• **маркетинговые и коммуникационные данные**, включая настройки подписки на рекламные рассылки;<br>• **отзывы**, которые Пользователи оставляют о Товарах/Услугах на Платформе, а также другие комментарии и рекомендации.<br>2.4. Данные, которые включая, но не ограничиваясь AirShop собирает автоматически с помощью файлов cookie:<br>• **сведения об использовании** – включают, но не ограничиваются информацией о том, как Пользователи взаимодействуют с Платформой, какие страницы Пользователь просматривает, по каким ссылкам проходит в Интернет-магазине/Сайте, Мобильном приложении, какими Товарами интересуется, дате и времени доступа к Платформе, а также о веб-сайтах, с которых Пользователя перенаправили на Платформу (только в тех случаях, когда переход осуществлен с интернет-ресурса поисковой системы или с интернет-ресурса, где размещена реклама AirShop), данные о местоположении Пользователя в реальном времени при взаимодействии с Платформой и других взаимодействиях с Платформой;<br>• **технические данные**: включают, но не ограничиваются IP-адресом, данными браузера, языком использования и данными об операционной системе Пользователей.<br>2.5. Данные, которые AirShop включая, но не ограничиваясь получает от Партнеров:<br>• об одобренном и/или выданном кредите, об отказе в предоставлении кредита или рассрочки;<br>• о том или ином статусе транзакции платежной, дебетовой или кредитной картой;<br>• данные о статусе доставки Товара, Получателе; |

| | |
|---|---|
| • тауарды жеткізу мәртебесі, алушы туралы деректер;<br>• Таңдалған/сатып алынған Тауарлар/Қызметтер олардың ақаулары/кемшіліктері, ауыстырылған/жөнделгені туралы деректер.<br>2.6. Платформаның жұмысын оңтайландыру және дербестендіру мақсатында Пайдаланушылардан және/немесе серіктестерден және/немесе басқа тұлғалардан алынған Дербес деректер немесе автоматты түрде жиналған деректер бір деректер пулына біріктірілуі немесе бір-бірінен тәуелсіз дерекқорларда жинақталуы және бөлек өңделуі мүмкін.<br>2.7. AirShop-тың барлық іс-әрекеттері кез келген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген Пайдаланушылардың құқықтарын сақтай отырып жүзеге асырылады.<br>2.8. Пайдаланушылар жазбаша өтініш беру арқылы бірқатар Дербес деректерді пайдаланудан бас тарта алады және бұл Пайдаланушының Платформаның қандай да бір функционалын пайдалана алмайтынын және/немесе толық ақпаратты, қандай да бір қызметтерге және/немесе ақпаратка қол жеткізе алмайтынын білдіруі мүмкін.<br>**3. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ МАҚСАТТАРЫ**<br>3.1. AirShop дербес деректерді жинауды және өңдеуді келесі мақсаттарда жүзеге асыра алады:<br>• **Тауарларды сату, Қызметтерді көрсету** - Тауарлар/Қызметтер туралы ақпарат беру, тапсырыстарды өңдеу, Платформада Пайдаланушыларды сәйкестендіру, жаңа Пайдаланушылар үшін Платформада профильдерді қалыптастыру, сондай-ақ клиенттерді қолдау үшін;<br>• **Шағымдарды қарау және дауларды шешу** - шағымдарды және/немесе дауларды шешу үшін қажетті егжей-тегжейлер туралы толық және кеңейтілген ақпаратты алу үшін.<br>• **Платформаны басқару** - Пайдаланушылардың профильдерін басқару, ақаулықтарды іздеу және жою, есептілікті жүргізу және деректерді орналастыру, Платформаны басқару мақсатында басқа да басқару әрекеттерін орындау үшін.<br>• **Тауарлардың/Қызметтердің сапасын жақсарту, бизнесті дамыту** - сапаны арттыру, соның ішінде Платформаны Пайдаланушылардың таңдаулары мен мүдделерін ескере отырып баптау, жаңа Тауарларды/Қызметтерді ұсыну үшін. AirShop Пайдаланушылардың сатып алудағы таңдауларын талдауға, Пайдаланушылардың талаптарына барынша жауап беретін Тауарларды/Қызметтерді анықтауға және жарнаманың тиімділігін бағалауға, Пайдаланушылардың қанағаттанушылығын бақылауға көмектесетін зерттеулер, талдаулар, | • данные о выбранных/приобретенных Товарах/Услугах их неисправностях/недостатках, о произведенных замене/ремонте.<br>2.6. С целью оптимизации и персонификации работы Платформы Персональные данные или данные, собранные автоматически, полученные от Пользователей и/или Партнеров и/или других лиц, могут объединяться в один пул данных или накапливаться в независимых друг от друга базах данных и обрабатываться отдельно.<br>2.7. Все действия AirShop в любом случае осуществляются с соблюдением прав Пользователей, прямо предусмотренных законодательством Республики Казахстан.<br>2.8. Пользователи путем письменного обращения могут отказаться от использования ряда Персональных данных, и это может означать, что Пользователь не сможет воспользоваться каким-то функционалом Платформы, и/или получать полную информацию, доступ к тем или иным услугам и/или информации.<br>**3. ЦЕЛИ СБОРА И ОБРАБОТКИ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**<br>3.1. AirShop может осуществлять сбор и обработку Персональных данных в следующих целях:<br>• **Продажа Товаров, оказание Услуг** – для предоставления информации о Товарах/Услугах, обработки Заказов, идентификации Пользователей на Платформе, формировании профилей на Платформе для новых Пользователей, а также для клиентской поддержки;<br>• **Рассмотрение претензий и разрешение споров** – для получения полной и развернутой информации о деталях претензий и/или споров, необходимой для их разрешения.<br>• **Администрирование Платформы** – для администрирования профилей Пользователей, поиска и устранения неполадок, ведения отчетности и размещения данных, выполнения иных административных действий с целью управления Платформой.<br>• **Улучшение качества Товаров/Услуг, развитие бизнеса** – для повышения качества, включая настройку Платформы с учетом предпочтений и интересов Пользователей, предложение новых Товаров/Услуг. AirShop используют Персональные данные для проведения исследований, анализа, опросов, которые помогут проанализировать предпочтения Пользователей в покупках, определить Товары/Услуги, максимально отвечающие требованиям Пользователей, и оценить эффективность рекламы, для контроля удовлетворенности Пользователей. |

| | |
|---|---|
| сауалнамалар жүргізу үшін Дербес деректерді пайдаланады.<br>• **Маркетинг -** Пайдаланушыларды Тауарлар мен Қызметтер туралы хабардар ету, жеңілдіктер мен акциялар, арнайы ұсыныстар және барлық басқа материалдар туралы ақпарат жіберу, акциялар және/немесе ұтыс ойындарын өткізу үшін.<br>• **Дербестендірілген жарнама** – Пайдаланушылардың мүдделерін анықтау және/немесе ең маңызды жарнамаларды, ұсыныстарды көрсету үшін.<br>• **Адалдық бағдарламаларын іске асыру**.<br>• **Заңды міндеттерді орындау**: AirShop-тың заңнамада тікелей көзделген міндеттері мен міндеттемелері бар және AirShop-тың бірқатар дербес деректері осындай міндеттемелерді орындау үшін өңделеді.<br>• **Статистикалық деректер.** | • **Маркетинг** – для информирования Пользователей о Товарах Услугах, направления информации о скидках и акциях, специальных предложениях и всех любых других материалов, проведения акций и/или розыгрышей.<br>• **Персонализированная реклама** – для определения интересов Пользователей и/или демонстрации наиболее релевантной рекламы, предложений.<br>• **Реализация программ лояльности.**<br>• **Исполнение законных обязанностей**: у AirShop есть обязанности и обязательства, прямо предусмотренные законодательством и ряд персональных данных AirShop обрабатывают для того, чтобы исполнить такие обязательства.<br>• **Статистические данные**. |
| **4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**<br>4.1. Пайдаланушы Платформаны пайдалана бастаған сәті осы Құпиялылық саясатымен келісетінін және оны толықтырулар мен ерекшеліктерсіз толық көлемде қабылдайтынын білдіреді, сондай-ақ оның электрондық, қағаз және (немесе) өзге де тасығыштарда тіркелген, кез келген, соның ішінде жалпыға қолжетімді дереккөздерде бар, AirShop-қа және/немесе Серіктестерге белгілі болған, болатын немесе белгілі болуы мүмкін не олар Пайдаланушыдан алған Дербес деректерді олардың қызметін жүзеге асыру процесінде және/немесе кез келген дереккөздерді, соның ішінде жалпыға қолжетімді дереккөздерді пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға (нақтылауға, жаңартуға, өзгертуге), өңдеуге, пайдалануға, үшінші тұлғаларға беруге, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға және трансшекаралық беруге өзінің толық әрі сөзсіз келісімін білдіреді.<br>4.2. Келісім шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде және ол аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.<br>4.3. Құпиялылық саясатының шарттарымен келіспеген жағдайда Пайдаланушы Платформаны пайдалануды дереу тоқтатуы керек.<br>4.4. Осы Құпиялылық саясаты тек Платформаға қолданылады және AirShop Пайдаланушы қолжетімді сілтемелерге кіре алатын сайттарды, үшінші тарап қосымшаларын бақыламайды және олар үшін жауапты болмайды.<br>4.5. AirShop Сайттың, Қосымшаның Пайдаланушысы ұсынатын деректердің дұрыстығын тексермейді. Пайдаланушы дұрыстығы үшін барлық жауапкершілікті Қазақстан Республикасы заңнамасы | **4. ПРАВОВЫЕ ОСНОВАНИЯ ОБРАБОТКИ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**<br>4.1. Момент начала использования Платформы Пользователем означает согласие с настоящей Политикой конфиденциальности и ее принятие в полном объеме без дополнений и исключений, и означает его полное безусловное согласие на сбор, систематизацию, накопление, хранение (уточнение, обновление, изменение), обработку, использование, передачу третьим лицам, обезличивание, блокирование, уничтожение и трансграничную передачу Персональных данных, зафиксированных на электронных, бумажных, и (или) иных носителях, имеющихся в любых источниках, в том числе общедоступных, которые были, будут или могут быть известны AirShop и/или Партнерам или получены ими от Пользователя и/или любыми способами, не противоречащими законодательству Республики Казахстан в процессе осуществления их деятельности и/или при использовании любых источников, в том числе общедоступных.<br>4.2. Согласие действует в течение всего срока действия Договора, и в течение 5 (пять) лет после его окончания.<br>4.3. В случае несогласия с условиями Политики конфиденциальности, Пользователь должен прекратить использование Платформы незамедлительно.<br>4.4. Настоящая Политика конфиденциальности применяется только к Платформе, и AirShop не контролирует и не несет ответственность за сайты, приложения третьих лиц, на которые Пользователь может перейти по доступным Пользователю ссылкам.<br>4.5. AirShop не проверяет достоверность данных, предоставляемых Пользователем Сайта, Приложения. Всю ответственность за достоверность Пользователь несет самостоятельно в порядке и на условиях, установленных |

<table>
<tr>
<td>нормаларының талаптарында белгіленген тәртіппен және шарттарда дербес көтереді.<br><br>5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ<br>5.1. AirShop Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Пайдаланушылардың дербес деректерін қорғау үшін барлық қажетті ұйымдастырушылық, техникалық және құқықтық шараларды қабылдайды.<br>5.2. AirShop-қа дербес деректерге қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, Пайдаланушы олардың дұрыстығына кепілдік береді, сондай-ақ AirShop-қа дербес деректердің өзгергені туралы хабарлауға міндеттенеді.<br>5.3. Дербес деректерді қорғау мақсатында базалық шараларды сақтау Пайдаланушының міндеті болып табылады, атап айтқанда:<ul><li>сенімді құпия сөздерді пайдалану, құпия сөздерді мезгіл-мезгіл жаңартып отыру, құпия сөздер мен есептік жазба атауын қауіпсіз сақтаудың негізгі шараларын сақтау;</li><li>құпия сөзді, жеке куәлік немесе банктік карта деректерін және басқа да деректерді сұрататын кез келген адамның электрондық поштасына, телефон қоңырауына, мессенджердегі хабарламасына немесе хатына жауап бергенде сақ болу. Мұндай деректерді бермеу, деректерді беру туралы алынған сұрау салудың заңдылығына қатысты жағдайды анықтау үшін Пайдаланушы өзіне қолжетімді тәсілмен AirShop-пен байланысуы тиіс;</li><li>Құпия сөз бен несие картасының нөмірін тек Интернет-дүкендегі қауіпсіз байланыс арқылы енгізу (браузердің мекенжай жолағындағы «https/http» белгішесі қосылымның қауіпсіз екенін білдіреді).</li></ul>5.4. Пайдаланушының тиісті түрде сақтық танытпауынан туындаған, уәкілеттік берілмеген тұлғалардың Пайдаланушының Дербес деректеріне қол жеткізуіне байланысты жағымсыз салдарлар үшін барлық жауапкершілікті Пайдаланушы толық көлемде дербес көтереді.<br><br>6. ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ<br>6.1. Пайдаланушы AirShop-та өзінің AirShop сақтайтын және өңдейтін дербес деректердің болуы туралы білуге құқылы.<br>6.2. Пайдаланушы өзінің дербес деректері қалай пайдаланылатыны туралы ақпарат алуға құқылы. Дербес деректерді пайдалану мақсаттары, жинау және өңдеу тәсілдері, сондай-ақ дербес деректерді өңдеу және сақтау мерзімдері туралы барлық ақпаратты осы Құпиялылық саясатында, сондай-ақ Шартта (Офертада) және/немесе оның ажырамас бөліктерінде оқуға болады.</td>
<td>требованиями норм законодательства Республики Казахстан.<br><br>5. ЗАЩИТА ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ<br>5.1. AirShop предпринимает все необходимые организационные, технические и правовые меры для защиты Персональных данных Пользователей в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан.<br>5.2. Предоставляя AirShop доступ к Персональным данным, Пользователь гарантирует их достоверность, а также обязуется уведомлять AirShop об изменениях персональных данных.<br>5.3. Для целей защиты Персональных данных обязанностями Пользователя является соблюдение базовых мер, а именно:<ul><li>использовать надежные пароли, периодически обновлять пароли, соблюдать базовые меры безопасного хранения паролей и названия учетной записи;</li><li>быть осторожным, отвечая на электронную почту, телефонный звонок, сообщение в мессенджер или письмо от любого, кто запрашивает пароль, данные удостоверения личности или банковской карты и другие данные. Не передавать такие данные, связаться с AirShop доступным для Пользователя способом для выяснения ситуации относительно правомерности полученного запроса о предоставлении данных;</li><li>вводить пароль и номер кредитной карты только через безопасное соединение в Интернет-магазине (значок «https/http» в адресной строке браузера означает, что соединение безопасно).</li></ul>5.4. Всю ответственность за негативные последствия, вызванные ненадлежащей осмотрительностью Пользователя, связанные с получением доступа неуполномоченных лиц к Персональным данным Пользователя, Пользователь несет в полном объеме самостоятельно.<br><br>6. ПРАВА ПОЛЬЗОВАТЕЛЕЙ<br>6.1. Пользователь вправе знать о наличии у AirShop Персональных данных, которые AirShop хранит и обрабатывает.<br>6.2. Пользователь имеет право на получение информации о том, как используются его Персональные данные. Всю информацию о целях использования, способах сбора и обработки Персональных данных, а также сроках обработки и хранения персональных данных можно прочитать в настоящей Политике конфиденциальности, а также в Договоре (Оферте) и/или его неотъемлемых частях.</td>
</tr>
</table>

6.3. Пайдаланушы дербес деректерге өзгерістер немесе толықтырулар, өзі туралы дұрыс емес ақпаратты түзетуді сұратуға құқылы,

- ол үшін кейбір жағдайларда AirShop Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында және/немесе серіктестің ережелерінде/регламенттерінде көзделген жағдайларда жеке басын куәландыратын құжатты қоса алғанда, Пайдаланушыдан растайтын құжаттарды сұрата алады;
- бұл ретте, егер Пайдаланушы Платформада/Бірыңғай Платформада тіркелген болса, ол өз аккаунтының тиісті бөліміндегі кейбір дербес деректерді Платформада/Бірыңғай Платформада немесе Пайдаланушыға қолжетімді өзге де тәсілмен өзгерте немесе жаңарта алады.

6.6. Пайдаланушы AirShop дербес деректерін жинау, өңдеу шарттарын бұзу туралы ақпарат болған жағдайда AirShop-тан дербес деректерді бұғаттауды (деректерді жинауды және өңдеуді уақытша тоқтату жөніндегі іс-қимылдарды) талап етуге құқылы.

6.7. Пайдаланушы кез келген уақытта дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімін қайтарып алуға құқылы. Бұл құқық AirShop-тың келесі заңды мекенжайына: «AirShop» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 135-үй, 3-корпус, 12-қабат, Батыс қанат, БСН 200340026461 мекенжайына бұл туралы алдын ала хабарлама жіберу арқылы, кері қайтарып алу күшіне енгенге дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын жүзеге асырылуы мүмкін, бұл мерзім AirShop тиісті хабарламаны алған күннен бастап есептеледі. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, сондай-ақ Пайдаланушының AirShop алдында орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда құқықтар жүзеге асырылмайды.

## 7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

7.1. Егер Пайдаланушының сұрағы болса, AirShop-қа сұрау салуы және/немесе Пайдаланушы дербес деректерді өңдеу заң бұзушылықтармен жүзеге асырылады деп есептесе, Пайдаланушы даулы жағдайды шешу үшін AirShop-қа жүгінуге құқылы.

7.2. Сондай-ақ Пайдаланушы дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органға - Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитетіне хабарласуға құқылы, оның байланыстары https://www.gov.kz/memleket/entities/infsecurity/contacts?lang=ru сілтемесі бойынша орналастырылған.

7.3. Сондай-ақ AirShop Пайдаланушы өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына, дауларды сотқа дейін реттеу субъектілеріне, сондай-ақ Пайдаланушы

6.3. Пользователь вправе **запрашивать изменения или дополнения** персональных данных, исправления неточной информации о себе,

- для этого в некоторых случаях AirShop может запросить у Пользователя подтверждающие документы, включая документ, удостоверяющий личность в случаях, которые предусмотрены требованиями законодательства Республики Казахстан и/или правилами/регламентами Партнера;
- при этом если Пользователь зарегистрирован на Платформе/Единой платформе, он может изменять или обновлять некоторые Персональные данные в соответствующем разделе своего аккаунта на Платформе/Единой платформе или иным способом, доступным Пользователю.

6.6. Пользователь вправе требовать, чтобы AirShop **заблокировал** (действия по временному прекращению сбора и обработки данных) персональные данные в случае наличия информации о нарушении условий сбора, обработки персональных данных AirShop.

6.7. Пользователь вправе в любой момент **отозвать согласие на сбор, обработку, персональных данных**. Данное право может быть реализовано путем отправки предварительного уведомления об этом AirShop на юридический адрес: ТОО «AirShop»,
Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Жибек Жолы, д.135, корпус 3, 12 этаж, Западное крыло, БИН 200340026461 в срок не менее чем за 30 (тридцать) дней до вступления отзыва в силу, исчисляемых с даты получения AirShop соответствующего уведомления. Права не могут быть реализованы в случаях, если это противоречит законодательству Республики Казахстан, а также при наличии неисполненных Пользователем обязательств перед AirShop.

## 7. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ

7.1. Если у Пользователя есть вопрос, запрос к AirShop и/или Пользователь считает, что обработка Персональных данных осуществляется с нарушениями законодательства, Пользователь вправе обратиться к AirShop для решения спорной ситуации.

7.2. Пользователь также вправе обратиться в уполномоченный орган в сфере защиты персональных данных - Комитет по информационной безопасности Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития Республики Казахстан, контакты которого размещены по ссылке: https://www.gov.kz/memleket/entities/infsecurity/contacts?lang=ru

7.3. AirShop также информирует о том, что Пользователь вправе обратиться за защитой своих нарушенных прав и законных интересов в уполномоченные органы, субъекты досудебного

| | |
|---|---|
| орналасқан қаланың сот органдарына жүгінуге құқылы екенін хабарлайды, сонымен қатар.<br>7.4. осы Саясатта «Байланыстар» бөлімінде көрсетілген тәсілмен хаттар мен шағымдарды жібере алады. AirShop кез келген сұрау салуды шешуге қуана көмектеседі. | урегулирования споров Республики Казахстан, а также в судебные органы города, в котором находится Пользователь, а также<br>7.4. направить письма и жалобы способом, указанным в настоящей политике в разделе «Контакты». AirShop будет рад помочь с разрешением любого запроса. |
| **8. ДЕРЕКТЕРДІ СЕРІКТЕСТЕРГЕ ЖӘНЕ БАСҚА ТҰЛҒАЛАРҒА БЕРУ**<br>AirShop Дербес деректерді серіктестерге және басқа тұлғаларға қоса, бірақ олармен шектелмей бере алады **:**<br>• **Қызмет көрсетушілер** - AirShop-пен қызмет көрсетуге шарттар жасасқан жеке және/немесе заңды тұлғалар, соның ішінде көліктік, пошталық, курьерлік қызметтер, веб-сайттар хостингі, AirShop ақпараттық жүйелерінің хостингі, сауалнамалар жүргізу, нарықты талдау, маркетингтік қызметтер көрсету, жарнама жөніндегі серіктестер, Платформаның, Тауарлар мен Қызметтердің жұмыс сапасын жақсарту үшін өзге де сервистерді көрсетуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей;<br>• **Қаржы институттары** – Пайдаланушылардың несиелендіру бағдарламаларын пайдалануына байланысты банктер және/немесе несиелік ұйымдар, оларға AirShop тіркелу кезінде көрсетілгендей Пайдаланушылардың Дербес деректерін ұсына алады. Пайдаланушылардың дербес деректерін одан әрі жинау, өңдеу, сақтау, пайдалану, беру және т.б. қаржы институттары өздерінің Интернет-ресурстарында дербес алатын жеке келісім негізінде жүзеге асырылады.<br>• **Мемлекеттік органдар, соттар**. Airshop, егер құқық қорғау органдары, сот немесе сот шешімдерін орындайтын адамдар талап етсе, егер мұндай сұрау салу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келсе, пайдаланушылардың Дербес деректерін аша алады. | **8. ПЕРЕДАЧА ДАННЫХ ПАРТНЕРАМ И ДРУГИМ ЛИЦАМ**<br>AirShop может передать Персональные данные Партнерам и другим лицам включая, но не ограничиваясь следующих лиц:<br>• **Поставщики услуг** – физические и/или юридические лица, с которыми у AirShop заключены договоры на оказание услуг, включая, но не ограничиваясь транспортные, почтовые, курьерские услуги, хостинг веб-сайтов, хостинг информационных систем AirShop, проведение опросов, анализ рынка, оказание маркетинговых услуг, партнеры по рекламе, оказание иных сервисов для улучшения качества работы Платформы, Товаров и Услуг.<br>• **Финансовые учреждения –** банки и/или кредитные организации в связи с использованием Пользователями программ кредитования, которым AirShop может предоставить Персональные данные Пользователей, как указано при регистрации. Дальнейшие сбор, обработка, хранение, использование, передача и так далее Персональных данных Пользователей осуществляется на основе отдельного согласия, которое Финансовые учреждения получают на своих Интернет-ресурсах самостоятельно.<br>• **Государственные органы, суды**. AirShop может раскрыть Персональные данные Пользователей, если этого требуют правоохранительные органы, суд или лица, приводящие в исполнение судебные решения, если такой запрос соответствует законодательству Республики Казахстан. |
| **9. ДЕРЕКТЕРДІ БАСҚА ЕЛДЕРГЕ БЕРУ**<br>AirShop Пайдаланушылардың Дербес деректерін шетелге жібере алады және шетелде сақтай алады. Деректерді трансшекаралық беру кезінде AirShop Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін талап етілетін шараларды қабылдайды. | **9. ПЕРЕДАЧА ДАННЫХ В ДРУГИЕ СТРАНЫ**<br>AirShop может передавать за рубеж и хранить Персональные данные Пользователей за рубежом. При трансграничной передаче данных AirShop принимает меры, требуемые для обеспечения безопасности данных в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан. |
| **10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ**<br>10.1. Дербес деректерді сақтау кезеңі өңдеу мақсатына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына байланысты болады. AirShop Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттарын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде | **10. ХРАНЕНИЕ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**<br>10.1. Период хранения Персональных данных зависит от цели обработки и требований законодательства Республики Казахстан. AirShop хранит Персональные данные до тех пор, пока это необходимо для выполнения целей сбора и обработки данных, а также для выполнения |

бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамада көзделген AirShop міндеттемелерін орындау үшін қажет болғанша сақтайды, содан кейін AirShop дербес деректерді жояды/ өшіреді.

10.2. Дербес деректерді сақтау кезеңін айқындау үшін AirShop Дербес деректердің сипаты мен сезімталдығын, Дербес деректерді рұқсатсыз пайдаланудан зиян келтірудің ықтимал тәуекелін, AirShop Дербес деректерді жинайтын мақсаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескереді.

10.3. Пайдаланушы AirShop-тан өз есептік жазбасын жоюды сұрай алады. Есептік жазба, оған мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді: аты, тегі, ЖСН, телефон нөмірі, электрондық пошта, жынысы, туған күні және байланыс тілі өшіріледі. Бұл ретте, Пайдаланушының Платформамен өзара әрекеттесуі туралы ақпарат, сатып алу тарихы электрондық түрде және қағаз түрінде сақталады. Есептік жазба жойылғаннан кейін AirShop Пайдаланушымен есептік жазбаны дербес қалпына келтіргенге дейін міндеттемелерді орындау үшін де, маркетингтік немесе өзге де мақсаттарда да байланыс жасамайды.

10.4. Деректерді сақтау кезеңіне, есептік жазбаны жою туралы сұрау салуға қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, Пайдаланушылар осы Құпиялылық саясатының «Байланыс мәліметтері» бөлімінде көрсетілген тәсілмен AirShop-қа хабарласа алады.

## 11. БӨГДЕ ВЕБ-САЙТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

11.1. AirShop Платформасында бөгде веб-сайттарға немесе қызметтеріне сілтемелер болуы мүмкін. Пайдаланушылар біздің Платформадан бөгде веб-сайттарға да ауыса алады. Бұл МҚҰ, Лента, Бірыңғай Платформа веб-сайттары, сондай-ақ Airshop Пайдаланушылар үшін несиелендіру және бөліп төлеу бағдарламалары бойынша ынтымақтасатын банктер мен несиелік ұйымдардың веб-сайттары болуы мүмкін.

11.2. AirShop веб-сайттар немесе қызметтер деректерінің мазмұнына, олардың саясатына, Пайдаланушылардың дербес деректерін жинау және өңдеу шарттарына жауап бермейді. Үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері өздерінің құпиялылық саясатымен реттелетініне назар аударамыз. Пайдаланушылардан үшінші тарап ресурстарында осындай құпиялылық саясатымен танысуды сұраймыз.

## 12. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

AirShop өз қалауы бойынша пайдаланушыларға бұл туралы қолжетімді AirShop тәсілдерімен хабарлай отырып, қазақстан республикасы заңнамасының талаптарын бұзбайтын құпиялылық саясатына біржақты тәртіппен өзгерістер енгізе алады. Бұл ретте AirShop пайдаланушыларға платформа арқылы құпиялылық саясатына өзгерістер енгізу туралы хабарлама жіберуге

обязательств AirShop, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, в том числе законодательством о бухгалтерском учете и финансовой отчетности, после чего AirShop уничтожает/удаляет Персональные данные.

10.2. Для определения периода хранения Персональных данных AirShop учитывает в том числе характер и чувствительность Персональных данных, потенциальный риск причинения вреда от несанкционированного использования Персональных данных, цели, ради которых AirShop собирает персональные данные, а также требования законодательства Республики Казахстан.

10.3. Пользователь может просить AirShop уничтожить его учетную запись. Учетная запись, которая включает в себя, но не ограничивается следующим - имя, фамилия, ИИН, номер телефона, электронная почта, пол, дата рождения и язык коммуникации, будет удалена. При этом, информация о взаимодействии Пользователя с Платформой, история покупок в электронном виде и в бумажном виде будет сохранена. После удаления учетной записи AirShop не будут коммуницировать с Пользователем ни для исполнения обязательств, ни в маркетинговых или иных целях до тех пор, пока Пользователь самостоятельно не восстановит учетную запись.

10.4. В случае возникновения вопросов касательно периода хранения данных, запроса об уничтожении учетной записи, Пользователи могут связаться с AirShop способом, указанным в разделе «Контакты» настоящей Политики конфиденциальности.

## 11. ССЫЛКИ НА СТОРОННИЕ ВЕБ-САЙТЫ

11.1. Платформа AirShop может содержать ссылки на сторонние веб-сайты или сервисы. Пользователи также могут перейти на сторонние веб-сайты с нашей Платформы. Это могут быть веб-сайты МФО, Ленты, Единой платформы, а также банков и кредитных организаций, с которыми AirShop сотрудничает по программам кредитования и рассрочки для Пользователей.

11.2. AirShop не несет ответственность за контент данных веб-сайтов или сервисов, их политику, условия сбора и обработки персональных данных пользователей. Обращаем внимание на то, что действия третьих лиц регулируются их собственными политиками конфиденциальности. Просим Пользователей ознакомиться с такими политиками конфиденциальности на сторонних ресурсах.

## 12. ИЗМЕНЕНИЯ В ПОЛИТИКЕ КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ

AirShop может в одностороннем порядке по своему усмотрению вносить изменения в Политику конфиденциальности, не нарушающие требования законодательства Республики Казахстан, уведомляя Пользователей об этом доступными AirShop способами. AirShop при этом будет

| | |
|---|---|
| тырысады. Бұл баннер немесе интернет-дүкендегі қалқымалы хабарлама, сондай-ақ мобильді қосымшадағы push-хабарламасы немесе мобильді қосымшадағы профиль туралы ақпарат болуы мүмкін.<br><br>**13. БАЙЛАНЫС**<br>13.1. Осы Құпиялылық саясаты және AirShop дербес деректерді қалай өңдейтініне қатысты барлық сұрақтар бойынша, сондай-ақ Пайдаланушылар шағымдармен мына пошталық мекенжайға хат, шағым жіберу арқылы жүгіне алады: «AirShop» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 135-үй, 3-корпус, 12-қабат, Батыс қанат, БСН 200340026461.<br>13.2. AirShop мұндай хаттарды, шағымдарды, егер олар «дербес деректер» деген белгісі бар қағаз нысанда жіберілсе, қарайды және Пайдаланушылардың өзге байланыс құралдарымен, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жіберілген сұрау салуларына, шағымдарына жауап бермеу құқығын өзіне қалдырады.<br>13.3. AirShop Пайдаланушыларға өздерінің дербес деректерін әлеуметтік желілердегі парақшаларда қалдырмауға кеңес береді. | стараться направлять Пользователям уведомление о внесении изменений в Политику конфиденциальности посредством Платформы. Это может быть баннер или всплывающее уведомление в Интернет-магазине, а также push-уведомление в Мобильном приложении или информация в профиле в Мобильном приложении.<br>**13. КОНТАКТЫ**<br>13.1. По всем вопросам о настоящей Политике конфиденциальности и о том, как AirShop обрабатывает Персональные данные, а также с жалобами Пользователи могут обратиться, направив письмо, жалобу по почтовому адресу: ТОО «AirShop», Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Жибек Жолы, д.135, корпус 3, 12 этаж, Западное крыло, БИН 200340026461.<br>13.2. AirShop рассматривают такие письма, жалобы, если они направлены в бумажной форме с пометкой «персональные данные», и оставляет за собой право не отвечать на запросы, жалобы Пользователей, направленные иными средствами связи, в т.ч. через социальные сети.<br>13.3. AirShop рекомендует Пользователям не оставлять свои персональные данные на страницах в социальных сетях. |